

7-8-сабақ

Дүниежүзілік сауда ұйымы және Қазақстан

1-тапсырма. Ойтүрткі. Суреттерден қандай болжам жасауға болады?





2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (28-аудио). Ондағы тірек сөздерді жазып алып, мағынасын анықтаңыздар.

2015 жылдың Қазақстан үшін басты жаңалықтарының бірі Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүшелікке қабылдануы болды. Яғни, 2016 жылдан бастап Қазақстан жаңа құқықтық-сауда режиміне көшті. 19 жылға жалғасқан келіссөзден соң, Қазақстан әлемдік сауданың көрігін қыздыратын алпауыт ұйымның толыққанды 162-мүшесі ретінде ресми қабылданды. 1996 жылы айқындалған сыртқы саясаттағы басымдыққа 20 жылдан соң, яғни 2016 жылдың 1 қаңтарында қол жеткізілді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев келіссөздердің сәтті аяқталғанын тарихи маңызды оқиға ретінде бағалап: «Еліміз аса маңызды тағы бір тарихи оқиға қарсаңында тұр. Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздерді табысты аяқтадық. ДСҰ-ға мүше болу – күллі Қазақстанның жемісі. Бұл – еліміздің жаһандық экономиканың бөлінбес бөлшегі ретінде мойындалуының айғағы» деген болатын.

Қ. Мәметқазыұлы



3-тапсырма. Сан есімдерді қатыстырып, мәтіндегі ойды жинақтап айтыңыз.



4-тапсырма. Мәтінде кездесетін мына тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңіздер.

көрігін қыздыру	танылуының көрінісі
алпауыт ұйым	келісімді сәтті шешу
тарихи оқиға қарсаңында	жоғары деңгейде өткізу
келіссөздерді табысты аяқтау	ірі бірлестік
мойындалуының айғағы	маңызды оқиға алдында

Үстеудің тұлғалық түрлері

Үстеулер морфологиялық құрамы жағынан екі топқа бөлінеді: *негізгі үстеулер және туынды үстеулер.*

Құрамындағы негіз бен қосымшалардың жігі бөлінбейтін, яғни бөлшектеуге келмейтін үстеулерді негізгі үстеулер дейміз. Мысалы: *әрең, тым, тіпті, әдейі, жоғары, ілгері, төмен, әрі, ерте, кеш, нақ, дәл, нағыз, ұдайы, дереу, төтенше, ерекше* т.б.

Туынды үстеу жұрнақ, жалғау жалғану арқылы жасалады.

1. Туынды үстеу жасайтын негізгі жұрнақтар мыналар:

а) *-ша, -ше: жаңа-ша, ескі-ше, мұн-ша-лық, осын-ша, орыс-ша* т.б.;

ә) *-лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей: со-лай, тіке-лей, жаз-дай, бұлақ-тай, қаржы-лай, ақша-лай* т.б.;

б) *-сыз, -сіз: есеп-сіз, үздік-сіз, дау-сыз, пайда-сыз, өтемақы-сыз, делдал-сыз, көмек-сіз, кіріс-сіз, ақша-сыз* т.б.

2. Септік жалғаулары арқылы жасалған үстеулер:

Септіктер	Үстеулер
Барыс септік	алға, артқа, босқа, бекерге, күніге, кешке, жөніне т.б.
Жатыс септік	лезде, күнде, баяғыда, артта т.б.
Шығыс септік	шетінен, шалқасынан, ежелден, етпетінен т.б.
Көмектес септік	ретімен, бетімен, күнімен, түнімен т.б.

3. Сөздердің бірігуінен жасалған үстеулер: *бүгін, биыл, таңертең, жаздыкүні, ешқашан* т.б.

4. Сөздердің қосарлануынан жасалған үстеулер: *айта-айта, бостан-босқа, оп-оңай, анда-санда* т.б.

5. Тұрақты тіркес түрінде жасалған үстеулер: *құр босқа, жай әншейін, ала жаздай, ертеден қара кешке дейін, қас пен көздің арасында* т.б.

Үй жұмысы:



5-тапсырма. Берілген үстеулерді құрамына қарай топтастырыңыз. Өзіңіздің толтырған кестеңізді сыныптасыңыздың жазғанымен салыстырыңыз. Сыныптасыңыз қатесіз жазды ма?

Негізгі үстеулер	Туынды үстеулер	Күрделі үстеулер

Үстеулер: шапшаң, қазір, таңсәріде, тектен-текке, әзірше, ертең, қыранша, ерекше, қасақана, ақшалай, күні бойы, кеше, қазақша, кешке дейін, зорға, беделсіз, бірте-бірте, қаржылай, амалсыздан, қыстай, үнемі, соншалық, емін-еркін, түнеугүні, бірқатар, құр босқа, қолма-қол, әуел баста, екіталай.